

«Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық әлеуеті" атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в науке-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – Б. 315-319

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БРОЙЛЕР ЕТІН ӨНДІРУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

*Сейтқажы Ж., Хабидолда А.А.*

Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасында құс шаруашылығын дамытудың мүмкіндіктеріне өндірістік әлеуетті толығымен қолдану, жаңа бройлерлік құс фабрикаларының құрылысы және қайта құрылуы, ішкі тұтытудағы отандық өндіріс үлесін ұлғайту (импортты алмастыру), өндірістің тиімділігін арттыру және отандық өнімнің өзіндік құнын төмендету және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруды көздеді.

ҚР АШМ мәліметтеріне сәйкес, қазіргі уақытта республикада өндірістік құс шаруашылығымен 56 құс фабрикасы айналысады, оның 37 фабрика жұмыртқа бағытында және 19 фабрика бройлер бағытында.

Қазақстанның құс шаруашылығы жанданып келе жатыр деп сенімді айтуға болады. Бүгінгі күні құс шаруашылығы Қазақстанда мал шаруашылығындағы ең дамыған салалардың бірі болып табылады. 1990 ж отандық құс шаруашылығының даму шыңында 59,9 млн бас болған, ал тәуелсіздіктің 25 жылында ол 15,4 млн басқа дейін (1996ж) қысқарды. Қиын жағдайға қарамастан, республиканың құс шаруашылық ұйымдары біртіндеп қалпына келу үрдісі басталды. Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігінің Статистика Комитетінің мәліметтері бойынша 2016 жылдың 1 қаңтардағы жалпы құс саны 36,6 млн бас құрады, 2015 ж көрсеткішке қарағанда 1,6 млн басқа артық. Өсім 4,5% құрады.

Құс еті өндірісінде де өрлеу байқалады. 2010 жылдан бері өндіріс 30,3-41%-ға немесе 31,2-43,0 т артып, 2014ж 134,2 мың т, ал 2015ж 146 мың т құс еті өндірілді.

Сурет 1. Құс саны, млн. (Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігінің Статистика Комитетінің мәліметтері бойынша)

Айта кетер жайт, Қазақстан Республикасында құс етінің өндірісі артып келеді – соңғы 5 жылда өсім 72% астам болды. Саланың белсенді дамуына 2006 жылдан басталған асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдау мен дамытуға бағытталған субсидиялау бағдарламасы септігін тигізеді. Асыл тұқымды жұмыртқаны өткізуді субсидиялау, құс етін өндіру кезінде құрама жемді арзандату және тауарлық жұмыртқаны өткізу осы қолдаудың аясына кіреді.

Жыл сайын мемлекет тарапынан мал шаруашылығын және құс шаруашылығын дамытуға бағытталған қолдаулар саны артып келеді, субсидиялау бағдарламасы іске қосылғаннан бері субсидия көлемі 18 есеге артты және 2014 ж 13,8 млрд теңгені (асыл тұқымды өнімге – 98,5 млн теңге), 2015 жылға 18,1 млрд теңгені (асыл тұқымды өнімге – 123,4 млн теңге) құрады [1,2].

Алайда, саланың қарқынды дамуына қарамастан қазақстандық нарықтағы құс етінің көп бөлігін шетелдік өндіріс алады. Қазақстан құс шаруашылығы Одағының (СПК) ойынша Қазақстандағы құс етінің тұтынылуы 300 мың т кем емес. Сонымен қатар Қазақстанда шығарылған құс етінің сапасына күдіктенбеуге де болады: Еуразиялық экономикалық одақ аясында бекітілген ережелер мен нормалар аса қатаң және өндірілетін өнімнің сапасы тек дүкен сөрелерінде немесе таратушылардың нүктесінде дұрыс сақталмаған жағдайда нашар болуы мүмкін.

2006 жылы республикамызға шет елдерден 152,4 мың тоннаға жуық құс еті сатып алынса, елімізде 109,0 мың т құс еті өндіріліп, 70 %-ы импорт есебінен қанағаттандырылған. 2014 жылы Қазақстан Республикасына 154 мың т астам құс еті әкелінген, бұл нарықтың 50%-дан астамы – импорттық өнім деген сөз. 2012 жылы құс етінің Қазақстан Республикасындағы импорты максималды көрсеткішке жетіп, 225 млн АҚШ долларын құрады.

Соңғы жылдарда құс етінің өндіріс көлемінің өсуі және импорт көлемінің азаюы ҚР аймағындағы құс шаруашылығы ұйымдары мен фермерлік шаруашылықтардың белсенді дамуымен байланысты.

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау Комитетінің ресми ақпараты бойынша 2010 жылдан бері АҚШ-тан келетін импорт көлемі азайған, бірақ АҚШ құс етінің негізгі жеткізушісі болып табылады. Қазіргі уақытта құс етін Қазақстанға аз көлемде болса да Бельгия, Венгрия және Аргентина тасымалдайды. Аумақтық құрылымда импорттың көп бөлігі тасымал авто және темір жолмен болғандықтан (Ресей, Украина, Белорусь) шекара маңындағы аумақтарға сай келеді .

Құс етінің өндірісінің артуы халықтың тамақтану мәдениетінің өзгеруімен, яғни дұрыс тамақтануға көшуімен түсіндіріледі және халық санының артуы да құс етіне деген қажеттілікті арттырды.

Нарықтық экономика жағдайында бройлер балапандарының етінің сапасына деген талаптар күшейді. Қазіргі күні арзан етті өндіру ғана маңызды емес, сонымен қатар оның сапасы да маңызды рөл атқарады, ол сатып алушылар сұранысын, сатылымды анықтайды, яғни саладағы пайданы да көрсетеді [3].

Құс еті азық тағамдарының тамаша шикізаты болып табылады, себебі ұшасының көп бөлігін жеуге жарамды жұмсақ бұлшық ет ұлпасы құрайды: құрлық құстарында – 58,9-69,7%, су құстарында – 58,9-72,4%. Құс еті – толық құнды жануар текті ақуыздың (16-22%), жоғары дәрежелі эссенциалды май қышқылды липидтердің және шамамен 40% алмастырылмайтын аминқышқылдарының көзі.

Ол В тобындағы витаминдерді ағзаға жеткізуші болып табылады. Витаминдік құрамы бойынша ол сиыр және шошқа етіне қарағанда бай. Басқа азықтық өнімдерге қарағанда тұтынушылар құс етінің өнімдерін таңдайды, себебі одан жасалатын тағамдардың асортименті кең. Елімізде бройлер балапандарынан алынған жартылай фабрикаттары кеңінен таралған [4].

Нарықтың жаһандану кезеңінде ет өнімдерінің өндірісі үнемі жаңарып отырады. Осы өнім түрін өндірісінің ұлғаюының бір жолы құс етін кешенді өңдеу болып табылады: ұшаларды олардың азықтық дәрежелеріне және гастрологиялық тағайындалуына қарай бөлшектеу. Бұндай технологияның ерекшелігі сонда, шикізат ретінде салыстырмалы массасы үлкен емес тауықтар мен бройлер балапандарының ұшалары алынады.

Құс ұшасын бөлшектеудің көптеген сұлбаларының арасында ең тиімдісі болып анатомиялық бөлшектеу болып табылады, ол бойынша ұшадан оның бөлшектері қатаң бақылынатын нүктелер мен сызықтар бойынша бөлінеді, бұл оның бөліктерінің құрамын анағұрлым тұрақты етеді. Құстың барлық түрінің ұшасының көп бөлігің кеудесі (25,4%-дан 32,6% дейін) мен сан еті (25,0%-дан 33,7% дейін) құрайды, арқа-жауырын және бел-құйымшақ бөліктерінің үлесі 23,4-тен 33,6%-ға дейін болады [2].

Отандық және шетелдік зерттеушілердің мәліметтері бойынша бройлер балапандарының өнімділігі мен етінің сапасына әсер етуші негізгі факторлардың бірі құсты бағып күту (ұстау) әдісі болып табылады. Отандық өндірістің тәжірибесінде кең таралған әдістер торда және едендік ұстау әдістері.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде [М.И.Подчалимов, Д.В.Бартенев] торда ұстау әдіспен ұсталған бройлер балапандарының тірілей салмағы 39 тәуліктік жасында еденде ұсталған балапандарға қарағанда 7,6% жоғары, ал орташа тәуліктік өсімі 7,4% жоғары.

Торда ұстау әдістегі балапандар азықты тиімді қабылдаған. 39 тәулік ішінде бір центнер өсімге азық шығыны шамамен 1,84 а.ө. құраған және едендік тәсілмен ұсталған балапандарға қарағанда 2,1% төмен болды.

Азықтандыру кезеңінде сақталу деңгейі едендік балапандарда жоғары болды және 97,63% құрады, ол торда ұстау әдіске қарағанда 2,53%-ға жоғары.

Бройлер балапандарының сойыс сапасын бағалағанда айтарлықтай айырмашылықтар болмаған.

Кеуделік бұлшық еттер, сан және жіліншік бұлшық еттерінің шығымы едендік ұстау тәсілінің балапандарында жоғары болған (0,08%, 0,05% және 0,13% сәйкесінше жоғары).

Азыққа жарамды және жарамсыз бөліктерінің қатынасы еденде өсірілген балапандардың ұшасына 4,2 болды, бұл торда ұстау әдіске қарағанда 0,2-ге жоғары, сонымен қатар торда өсірілген балапандардың бұлшықеттер массасының сүйек массасына қатынасы 3,0 болды, бұл едендік әдіске қарағанда 0,1 төмен.

Әр түрлі тәсілдермен өсірілген бройлерлердің кеуде еттері құрамында жалпы ақуыз, май және ылғал бойынша өзіндік ерекшеліктері болды.

Ақуыз мөлшерінің жоғарғы көрсеткіші еденде азықтандырылған балапандардың кеуде етінде болды. Торда ұстау әдіспен өсірілген бройлердің кеуде етінде ақуыз үлесі 17,8% болды, бұл едендік әдіспен салыстырғанда 1,4% төмен.

Бұлшық ет құрамындағы май торда ұстау әдіске едендік әдіспен салыстырғанда 0,7% жоғары болып, 11,9%-ды құрады.

Едендік әдіспен өсірілген бройлерлердің бұлшықеттеріндегі ылғал аз ғана мөлшерде клеткалық бройлерлерге қарағанда төмендеу, едендік бройлер кеуде етінде 68% ылғал болса, клеткалық балапан бұлшық еттерінде 68,7% болған.

Аминқышқылдық құрамы бойынша төсеніште өсірілген бройлер балапандарының торда өсірілгендерге қарағанда алда болған.

Алмастырылмайтын аминқышқылдарының жалпы пайызы аминқышқылдарының жалпы санының 37,01%-ын құрады, ол 0,21%-ға клеткалық бройлерлерден жоғары.

Өсірудің екі әдісіндегі құстардың еттерінің органолептикалық бағалауында клеткада өсірілген бройлер балапандарының етінің сорпасы 4 баллға бағаланған, пісірілген еті де 4 баллға бағаланған. Едендік әдістегі бройлер балапандарының сорпасы, пісірілген және қуырылған еті түсі, иісі және дәмі бойынша максималды бағаларға ие болған [5].

Соңғы 3 жылда Республика халқын отандық өндірістің құс етімен қамтамасыз ету артты.

2012 жылы құс етін нақты тұтыну медициналық тұтыну нормасынан асып кеткен. Республиканың қажеттілігінің 50%-дан астамын импортталған құс етімен қанағаттандырылады [3].

Кесте 1. Құс етімен қамтамасыздандырылу деңгейі

Жылдар	2010	2011	2012	2013	2014
Құс етін тұтынудың ұлттық нормасы, жан басына жылына кг	5,47	5,47	5,47	5,47	5,47
Тұтынудың медициналық нормасы, жан басына жылына кг	17,5	17,5	17,5	17,5	17,5
Нақты тұтыну, жан басына жылына кг	13,9	15,8	19,4	18,2	16,7
Нақты өндіріс, жан басына жылына кг	6,3	6,1	7,3	8,0	7,8

Қазіргі кезде Қазақстанда құс өсіруге, құс шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өңдеуге арналған өндірістік қорлар қуаттылығы жеткілікті мөлшерде. Қазіргі кездегі құс шаруашылығының жағдайын бақылай отырып, Қазақстандағы фабрикалардың өндірістік потенциалы шамамамен жылына 180 мың тонна құс етін шығаруға жететінін айтуға болады.

## Әдебиеттер тізімі

1 Шарипов Р.И. «СПК» президенті Қазақстанның құс шаруашылығы шарықтауда, «Птица и птицепродукты» №2-2015-март-апрель, – 8б

2 Зубарева, Е.К. Разработка полуфабрикатов мяса цыплят-бройлеров /Зубарева Е.К., Фролова Е.В., Байзигитова Л.Г., Нургазезова А.Н.// Международный студенческий вестник – 2015 - №6 - электронный научный журнал, <http://www.eduherald.ru/135>

3 Подчалимов, М.И. Экономическая эффективность различных способов выращивания цыплят-бройлеров, / Подчалимов, М.И. Е.М.Грибанова, Д.В.Бартенев // Вестник Курской государственной сельскохозяйственной академии – 2010 – №2, – 34 б.

4 Sadeghi, M et al. An Intelligent Procedure for the Detection and Classification of Chickens Infected by Clostridium Perfringens Based on their Vocalization. *Rev. Bras. Cienc. Avic* (Revista Brasileira de Ciência Avícola), Dec 2015, vol.17, no.4, p.537-544. ISSN 1516-635X

5 KazDATA маркетингтік бизнес-анықтамасы, <http://www.kazdata.kz>